

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№3 (2024)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CSSX4273>

**\*А. А. Касымова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

\*e-mail: [assemzere.ak@gmail.com](mailto:assemzere.ak@gmail.com)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8783-888X>

## **ИНТЕРНЕТ-ЛЕКСИКАНЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ**

*Ғылыми мақалада интернет-лексиканы зерттеуге ұмтылыс тілдің әлеуметтік табиғатына, әлеуметтік функцияларына, әлеуметтік факторлардың тілге әсерін және тілдің қоғам өміріндегі ролін ескере отырып, мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты, әлеуметтік лингвистика мен лингвомәдениеттің жетістіктері негізінде кең ауқымды проблемалар шеңберінде кешенді зерттеу арқылы жүзеге асырылды. Интернет-лексика қазіргі лингвистиканың антропоцентризмге деген жалпы көзқарасына, лексиканың лингвистикалық ерекшеліктерінің бірегейлігін анықтап қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынас процесінде осы интернет-лексиканы құрайтын сөздер тобын қолданудың әлеуметтік және прагматикалық факторларын түсіндіру қажеттілігіне жауап беретін сала екенін ескерсек, зерттелуі өзекті, кезек күттірмейтін мәселе екенін аңғартады. Интернет-коммуникацияның лексикасын зерттеу лингвистикалық зерттеулердің когнитивті-функционалды бағыты тұрғысынан осы бірліктердің тұжырымдамалық сипаттамаларын ескере отырып жүзеге асырылды. Сонымен қатар интернет саласы туралы ғылымдағы алғашқы тұжырымдар мен пікірлер, ғылыми ізденістер негізге алынып, жалпы интернетті зерттеу, соның ішінде интернет тілін зерттеудің маңыздылығы гуманитарлық тәсіл шеңберінде қолға алынды. Интернет-лексиканы қалыптастыруда интернет-коммуникацияның ролі анықталады. Интернет-лексиканы лингвистика ілімінің зерттеу объектісіне алыну барысы сипатталды. Жалпы интернет-лексиканың тіл ғылымындағы орны анықталады.*

*Кілтті сөздер: интернет-лексика, әлеуметтік желі тілі, интернет-коммуникация, интернет терминдер, ғылыми тұжырым.*

## **Кіріспе**

Қазіргі таңда лингвист ғалымдар үшін интернет-лексиканы зерттеу өзекті болып табылады. Оның негізгі себептеріне келетін болсақ, біріншіден, интернет-лексика динамикалық өте жылдам қарқынмен даму үстінде. Яғни технологиялық прогреске, экономикалық-мәдени байланыстардың салдарынан тілде жаңа сөздер, сөз тіркестері мен қысқартулар жиі пайда болады. Осындай қарқынды даму салдарынан зерттеушілерге лексикадағы соңғы өзгерістерді бақылау қиынға соғады. Екіншіден, интернет байланысы көбінесе тілдің бейресми және шығармашылық қолданылуын қамтиды. Пайдаланушылар көбінесе жаңа сөздерді ойлап табады, бұрыннан бар сөздерді өзгертеді немесе дәстүрлі емес грамматика мен емлені қолданады. Интернеттегі қарым-қатынастың бейресми сипаты ресми және стандартталған тілге көбірек сәйкес келетін дәстүрлі лингвистикалық талдау әдістерін қолдануда қиындықтар тудыруы мүмкін. Үшіншіден, интернет – әртүрлі субмәдениеттері, қауымдастықтары мен платформалары бар әртүрлі кеңістік. Олардың әрқайсысының өзіндік сөздік қоры болады. Интернет тілін үйрену осы әртүрлілікті ескеруді талап етеді. Әртүрлі онлайн кеңістіктердегі тілдік вариациялардың көптігіне байланысты оларды меңгеру қиынға соғады. Төртіншіден, интернет-лексика көбінесе контекске және пайдаланушылардың жалпы біліміне байланысты қалыптасады. Кейбір сөздер немесе сөз тіркестері белгілі бір онлайн қауымдастық немесе платформа шеңберінде белгілі бір мағынаға немесе коннотацияға ие болғандықтан, әмбебап қолданылатын анықтамалар жасауды қиындатады. Контекстік сұрақтар түсінбеушілікке және қате түсіндіруге әкелуі мүмкін. Бесіншіден, интернет байланысы тек мәтінді ғана емес, сонымен қатар суреттерді, бейнелерді, эмодзилерді және басқа мультимедиялық элементтерді де қамтиды. Интернет-лексикасын меңгеру мен зерттеу осы мультимодальды аспектілерді қарастыруды талап етеді, өйткені мәтіндер мәндік және визуалды элементтердің тіркесімі арқылы берілуі мүмкін. Мұндай мультимодальды коммуникацияны талдау және түсіндіру лингвистерге қосымша міндеттер қояды. Алтыншыдан, стандартталған сөздіктер мен грамматикалық ережелері бар дәстүрлі тілдерден айырмашылығы, интернет-лексиканың орталықтандырылған стандартталған сөздіктері жоқ. Ресми нұсқаулықтардың болмауы интернет терминдерінің нақты анықтамалары мен ережелерін анықтауда қиындық тудырады. Жетіншіден, интернет-лексиканың көп бөлігін пайдаланушылардың өздері жасайды. Бұл пайдаланушыға бағытталған сипат, тілдік ерекшеліктердің әрқашан дәстүрлі үлгілерге сәйкес келе бермейтінін білдіреді. Сондықтан интернет лингвистикада қалыптасқан лингвистикалық теориялар мен құрылымдарды қолдануды қиындатады. Сондықтан интернет-лексиканы тіл туралы ғылым контексінде динамикалық, бейресми, алуан

түрлі контексте тәуелді сипатына байланысты зерттеу өзектілігі терең, күрделі мәселе болып табылады.

### **Материалдар мен әдістері**

Мақалада интернет желісінің пайда болуы мен дамуы, адамдар арасында интернет-коммуникацияның пайда болуы мен оның нәтижесінде қалыптасқан интернет-лексиканың зерттелу барысын шетелдік және отандық зерттеушілердің тұжырымдамаларын негізге ала отырып, жүзеге асырдық. Атап айтқанда, шетелдік ғалымдардан М. Кастельс, А. Неклесс, А. Бюль, М. Вейнштейн, Д. С. Голованова, Е. И. Горошко, М. Б. Бергельсон, О.Б. Скородумова, А. В. Соколов, Т. Ж. Бальжирова, қазақ зерттеушілерінен А. Серікбаева, Г. Сәрсексе, З. Р. Құрманбекова, Н. Х. Ахатаева, Д. Е. Капанова, Қ. С. Ергалиев сынды ғалымдардың зерттеу нәтижелері мен тұжырымдарына сүйендік. Интернет-лексиканы жинау, топтастыруда эмпирикалық деңгейдегі санау, бақылау, өлшеу, сипаттау әдістері қолданылды. Ал интернет-лексиканың теориялық сипатын кешенді зерттеуде теориялық деңгейдің гипотетикалық, логикалық (талдау, синтез, индукция, дедукция, аналогия) әдістері басшылыққа алынды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қазіргі жаһандық кеңістікте адамдар арасындағы коммуникативтік қатынастардың дені интернет желісінде жүзеге асуда. Соңғы уақытта интернет желілерде тілді қолданудың жиілігі артып, арнайы коммуникативті орта, арнайы коммуникативті кеңістік қалыптасып та үлгерді. Бұның тілдегі көрінісі ретінде жалпы тіл білімінде интернет лингвистикасын зерттеуге арналған ғылымның ерекше бағыты қалыптасты. Сондықтан «интернет-лексика» терминін қазақ тіл білімінде қарастыру тілдік зерттеудегі өзекті мәселелердің бірі болуымен ерекшеленеді. Бұл ретте ең алдымен «интернет дегеніміз не?», «интернеттің қандай мүмкіндіктері бар?» деген сауалдарға жауап беріп алу қажет.

Сөздіктерде: «Интернет (ағылш.т. internet) – кез келген ақпаратты сақтап, кең ауқымда таратуға арналған компьютерлік желілердің ғаламдық жүйесі» деген нақты анықтаманы кездестіреміз [1, 98-б.]. Яғни интернет дегеніміз жекелеген адамдарды ғана емес, бүкіл ғаламзат атаулыны бір-бірімен ұзақтан байланысқа, коммуникацияға түсіретін құрал деп түсінуге болады. Сондай-ақ гуманитарлық, лингвистикалық бағыттағы анықтамаларға назар аударатын болсақ, зерттеуші О. Б. Скородумова интернетті әлеуметтік-философиялық ұстанымдар тұрғысынан ақпарат алмасудың желілік принциптеріне, «коммуникациялық өзара әрекеттесудің интерактивтілігіне, объективті шындықты модельдеудің жаңа тәсілдеріне, ақпараттық ағындарды берудің жаңа технологияларына және түбегейлі жаңа техника – дербес компьютерлерге» негізделген ерекше құбылыс ретінде

қарастырады [2, 102-б.]. Интернетті коммуникация деп танитын зерттеуші Т. Ж. Бальжирова интернет-коммуникацияны «адам өмірінің техногендік, ақпараттық және социо-психоантропологиялық контекстерінің құрамдас бөлігі» екенін баса айтады [3, 37-б.]. Оның пікірінше, интернет әлеуметтік коммуникация құралы ретінде «ақпараттық әлемнің әлеуметтік субъектісінің (желі қолданушы) белсенділігі / пассивтілігі» сияқты қасиеттерді анықтай отырып, ақпараттық қоғамның адамның әлеуметтік тіліне ықпалын анықтайды [3, 53].

Интернет жайлы алғашқы түсінік 1969 жылы АҚШ-тағы американдық ғалым Джозеф Карл Робнетт Ликлайдер Солтүстік Американың DARPA әскери департаментінің тапсырысы бойынша ARPANET желісін (Advanced Research Projects Agency Network) ойлап тапқан кезде пайда болады. Осы жылдың соңында бұл желіге тек төрт компьютер қосылған еді. 1971 жылы ғалым Рэй Томлинсонның ойлап табуымен интернет арқылы электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу мүмкіндігі пайда болады. Аталған талпыныстардан кейін тек 1991 жылы ғана дүниежүзілік интернет желісі пайда болады. Дүниежүзілік интернет желісінің әзірлеушісі Винтон Серф болып табылады. Осы жылдар аралығында интернет желісінің ауқымы кеңейіп, 1992 жылға қарай әлемнің көптеген елдері интернетке қосылады [4].

Жалпы интернеттің даму тарихы ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастау алады. Батыс елдерінің ғалымдары, атап айтқанда АҚШ, Франция және Ұлыбританияның ғылыми-зерттеу зертханалары интернет жайлы ғылыми негіздемелерді жариялаған алғашқы елдер болып табылады. Кеңес Одағы тұсында жасанды интеллект құру бойынша әзірлемелер жүргізіліп, зерттеулер жасалғанымен, барлық Кеңес Одағы құрамындағы елдерде интернет кешеуілдеп пайда болды. Интернет-лексика жайлы алғашқы қазақ тілді зерттеулердің бірі ретінде А. Серікбаеваның «Әлеуметтік желідегі ағылшын тілінен енген жаңа сөздер» мақаласын [5], Г. Ә. Сәрсекенің «Компьютерге негізделген коммуникацияның лингвистикалық мінездемесі» [6], зерттеуін, сондай-ақ соңғы жылдары интернет жайлы маңызды мәселелерді қозғап жүрген Н. Х. Ахтаеваның «Интернет-коммуникацияның ерекшелігі» [7], Д. Е. Капанованың «Тікток – шет тілін үйренудің тиімді құралы» [8], Қ. С. Ерғалиевтің «Блог – интернет-коммуникация жанрларының бірі» [9], З. Р. Курманбекованың «Интернет-мем» және олардың түрлері» [10] атты ғылыми зерттеулерін атап көрсетуге болады. Алайда қазақ лингвистері арасында интернет-лексика, коммуникацияны зерттеуге талпыныс жасалып жатқанына қарамастан, әлі де тіл ғылымының интернет-лексика саласын қалыптастыруда шешімін таппаған мәселелерді кеңінен сипаттауды қажет ететініне көзіміз жетуде.

2000 жылдардан бері орыс ғалымдары интернет-лексика мәселесіне ерекше назар аударып, әртүрлі бағытта зерттеу объектілеріне алып келеді. Атап айтатын болсақ, Е. Горошко әлеуметтік желіде қалыптасқан лексиканы «интернет феномены» деп атай отырып, интернет желісін тілдік коммуникация құру платформасы ретінде түсіндіріп, интернетті зерттеуге бағытталған ғылыми тұжырымдарды саралай келе, оны зерттеудің бірнеше тәсілдерін ұсынады [11, 48-б.]. Яғни әлеуметтік желі тілін зерттеуге бағытталған ғалымдардың ұстанған ғылыми бағыттарына сәйкес төмендегідей топтастыру жасауға болады:

Д. Белл, М. Порат, Э. Тоффлер, Т. Стоуньер, А. Рунов, Е. Путилованың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, интернет жаңа әлеуметтік зерттеу объектісі ретінде ұғынылып, желіні дамытудың әлеуметтік болжамдары қарастырылуы қажет деген тұжырым жасалады. Яғни, интернет біртұтас ақпараттық кеңістік ретінде, технологияның, білімнің және ақпараттың рөлін атқаратын болады. Бұдан қоғамдық құрылымның өзгерісі көрінеді. Аталған әдіс-тәсілдер ақпарат пен технология интернеттің анықтаушы және жүйе құрушы бөлігі екенін аңғартады [12, 18-б.].

М. Кастельс, А. Неклесс, А. Биккулов, А. Родионов, А. Чистяков, Д. Кутюгин, Т. Бальжирова және т.б. интернет-технологияларға негізделген қазіргі қоғамның желілік табиғатын зерттеуге аса мән берді. Олардың алдыңғы зерттеушілер тобынан айырмашылығы интернет желісі мәселесі бұрыннан қоғамда бар, тек әлеуметтік институттарды желілік құрылымдарға айналдыру және осы үдерістер кең белең алған қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер екенін көрсетумен ерекшеленеді. Бұл бағыты ұстанушылардың прагматикалық түсінігі бойынша интернет коммуникативті қасиеттері арқылы анықталады. Сондықтан интернетті жеке дербес коммуникативті институт деп тану мүмкіндігін ұсынады [12, 24-б.].

А. Буль, М. Вайнштейн, Д. Иванов, А. Крокер, М. Паетау және т.б. ғалымдар тобы интернет саласындағы әлеуметтік виртуалдандыру теорияларына аса мән береді. Бұл бағытта зерттеу жүргізген ғалымдар интернетті виртуалды аналог немесе әлемнің бейнесі ретінде қарастырады. Яғни, олардың тұжырымдамасы бойынша, интернет – әлеуметтілікті виртуалдандыру тетіктері іске қосылатын әмбебап коммуникативті кеңістік. Бұл бағытта виртуалдық жаңа коммуникациялық технологиялардың сөзсіз әлеуметтік әсері болып табылады. Интернет әлеуметтік құбылыс ретінде желілік байланыстары айқын және кең қолжетімді виртуалды орта ретінде қарастырылады. Интернет технологиялар арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік шындықты виртуалдандыру оны айтарлықтай өзгертіп, жаңа шындық қалыптастырады [12, 26-б.].

Ф. Гуаттари, Ю. Кристева, Дж. Джойс, М. Фуко және т.б. интернет саласын зерттеуде қоғамдық көзқарастың постмодерндік тұжырымдамаларына сүйенеді. Атап айтқанда ризома, интертекстуалдылық, хаосмос, жұп тақырып және т.б. Интернетті сипаттаудың барлық постмодерндік тәсілдерінде гиперболизация, аналогия, метафоризация әдістері қолданылады. Постмодерндік теорияда бағалау критерийлері абсолюттік шындыққа сәйкес келмейтіндігі жайлы сөз етіледі [12, 31-б.].

Расымен де, топтық және тұлғааралық қарым-қатынас әсерлерінің үйлесімін анықтайтын интернеттің нақты анықталған қасиеттері мен сипаттамалары ғаламдық және ұлттық масштабта әлеуметтік өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың тиімді құралына айналатын ерекше құбылыс болып табылады. Сондықтан зерттеуші А. Войкунский жалпы интернетті әр қырынан зерттеуде гуманитарлық және пәнаралық тәсілдерді қолдану тиімді нәтиже береді деп санайды [13]. Себебі интернеттегі экономикалық мәселелер, лингвистикалық мәселелер тікелей гуманитарлық тәсілді қажет етеді. Ал олардың бағдарламалық жағы информатикада қарастырылады.

Жоғарыдан байқағанымыздай, көптеген зерттеушілер интернетті ақпараттық және коммуникациялық функцияларына орай әр түрлі зерттеу объектісінде қарастырады. Ал біздің ойымызша, интернеттің маңызын арттыра түсетін басты белгі – тіл. Ғалым О. Александрованың тілімен айтқанда: «интернет құбылысы тек технологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік факт болып табылады. Оның негізгі құралы – тіл» [14, 345-б.]. Ал интернеттің негізгі тілі ағылшын тілі болып табылады.

Интернет-лексиканы анықтау тәсілі мен желідегі адамдардың коммуникативті әрекеттерін сипаттауда, сондай-ақ осы саланың негізгі тұжырымдамасы үшін грамматикалық термин, не атау қалыптастыруда бірізділік жоқ десе болады. Л. Щипицина, И. Розина сынды ғалымдар тобы әлеуметтік желідегі адамдардың қарым-қатынасына негізделген лексикаға «компьютерлік байланыс» деген атау береді. Ал Т. Рязанцева, Е. Галичкина сынды тілшілер «электронды байланыс» деген терминге тоқтайды. Қазақ лингвистері болса, «әлеуметтік желі тілі» деген терминді көптеп қолданысқа түсіруде [5, 295-б.]. Интернет желісіндегі тілдік қарым-қатынас ерекшеліктерін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу үшін негізгі тұжырымдаманы таңдау мәселесін сипаттай отырып, лексикалық бірліктер саны адамның өміріндегі интернеттің маңыздылығын және оның қарым-қатынасын күшейту арқылы үнемі өсіп отырады деген қорытындыға келеді [15, 33-б.].

Зерттеуші Е. Горошко, интернет-лексика адамдардың желідегі қарым-қатынасы негізінде туындайтындығын ескере отырып, «интернет-коммуникация» терминін таңдауды жөн көреді [11]. Ал тілші ғалым



Е. Галичкина виртуалды тілдік байланыстың компьютерде жүзеге асатынын алдыға тартып, «компьютерлік дискурс» терминін ұсынады [16].

Лингвист ғалым О. Лутовинова интернет жайлы өз зерттеулерінде «виртуалды дискурс», «компьютерлік дискурс» және «интернет дискурс» терминдерін қолданысқа түсіреді. Оның айтуынша, «виртуалды дискурс компьютерлік, желілік және интернет дискурспен байланысты болып келеді. Яғни олардың жалпы сипаттамасы байланыс делдалдығы, ал ішінара қабаттасатын белгілер – виртуалды коммуникативті орта, электронды байланыс арнасы, бірнеше байланыс режимі болып сипатталады. Сондай-ақ О. Лутовинованың пікірі бойынша: «виртуалды дискурс дегеніміз виртуалды шындықтың негізгі қасиеттеріне ие және кері байланыс принциптері бойынша компьютерлік және компьютерлік емес техника негізінде құрылған символдық шындықтың бір түрі болып табылатын виртуалды шындықтағы қарым-қатынас жағдайына бағырылған мәтін» [17, 5-б.].

Бұл ретте «дискурс» термині көп жағдайда интернет жайлы әдебиеттерде, «коммуникация» термині интернет желісіндегі ұзақтан атқарылатын байланыс үшін қолданылғандығын ескерген жөн [18]. Қалай болғанда да, интернет желісіндегі байланыс, қарым-қатынас салдарынан күнделікті қолдануға әзір, интернеттің белгілі жүйелерін, байланыстың түрлерін атауға арналған көптеген сөздердің пайда болатындығы белгілі. Яғни интернеттегі қарым-қатынас салдарынан ғылыми, іскерлік, медициналық, саяси, технологиялық және т.б. дискурс түрлеріне қызмет ететін арнайы лексика қалыптасып, жаһандық деңгейде бір тілде, атап айтқанда, ағылшын тілінде қолданыс тауып жүргендігі белгілі.

Қазіргі таңда интернет пайдаланушының қажеттіліктерін орындаудың техникалық мүмкіндіктері қарыштап артуда. Атап айтқанда, әлеуметтік медиа құралдарының жаңа түрлерінің пайда болуы интернет желілері санының артуы, мобильді құрылғылардың күш-қуаты мен мүмкіндіктерінің артуы және т.б. Дәл қазіргі уақытта желілік байланыстың ерекшеліктерін техникалық мүмкіндіктер анықтайын дәуірде өмір сүріп жатқанымызды осы интернет-лексика айқын көрсетіп отыр. Оған мысал ретінде «лайк» сөзін қарастырып көрейік:

«Лайк» (ағылш. like «ұнайды, мақұлдаймын») – пайдаланушы жариялаған материалды мақұлдаудың шартты көрінісі бір түймені басу арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік желілердің барлығында дерлік орын алатын батырма. «Лайк» – назар аудару, мән беру, қолдау және т.б. мағыналарды үстейтін ұғым.

«Дақфейс» (ағылш. dukface «үйрек жүзі») – селфи стиліндегі суреттің бір түрі, танымал бет-әлпет, яғни адам шынайы емес, ернін созып суретке түсуі. Бұл ұғымды желі қолданушылары көп жағдайда өзіне ерекше назар аудару мақсатында қолданады.

## Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала АР19680032 «Әлеуметтік желідегі лексиканың құрылымдық-семантикалық және лингвомәдени аспектілері» ғылыми жобасы аясында әзірленді.

## Қорытынды

Сонымен, қорыта айтқанда, бүгінгі технологиялық даму желілік байланыстың ерекшеліктерін анықтай отырып, интернет арқылы сөздік қорымызға көптеген жаңа сөздер мен ұғымдарды енгізеді деген қорытындыға келеміз. Интернет-лексиканы жан-жақты зерттеу виртуалды әлемнің құрылғысын және тілде болып жатқан белсенді процестерді жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілердегі байланыс қазіргі таңда лингвистикалық зерттеулердің өзекті мәселесіне айналып отыр. Мақалада интернет-лексиканы зерттеуге жасалған жалпы талпыныс түбегейлі тұжырымдар айтуға толық мүмкіндік бермейді. Дегенмен интернет-лексика көп қырлы, үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, лингвист ғалымдардың назарынан тыс қалмайды деп ойлаймыз.

## Пайдаланылған деректер тізімі

1 Словарь молодёжного и интернет-сленга [Текст] / сост. Н. В. Белов. – Минск : Харвест. – 2007. – 498 с.

2 **Скородумова, О. Б.** Социокультурные функции Интернета и особенности их реализации в современной России : дис. доктора социол. наук: 24.00.01. [Текст]. – Москва. – 2004. – 435 с.

3 **Бальжирова, Т. Ж.** Интернет как средство социальной коммуникации в условиях формирующегося в России информационного общества: дис. канд. социол. наук: 22.00.04. [Текст]. – Улан-Удэ. – 2003. – 161 с.

4 **Гуринова, Д.** Почему лень-двигатель прогресса? [Электронный ресурс]. – Электрон. текстовые дан. – Москва : [б.и.]. – 2023. – Режим доступа: URL: <https://folkmap.ru/articles/что-двигатель-progressavyrazhenie.html>, свободный.

5 **Серікбаева, А.** Әлеуметтік желідегі ағылшын тілінен енген жаңа сөздер [Мәтін] // Қазақстан ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. Филология сериясы. – 2019. – № 4(81). – Бб. 293–296.

6 **Сәрсеке, Г. Ә.** Компьютерге негізделген коммуникацияның лингвистикалық мінездемесі [Мәтін] // Ш. Уәлиханов атындағы КМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – № 4. – Бб. 100–106.

7 **Ахтаева, Н. Х., Нанай Ф. Е., Сарыбаева, Б. Ж.** Интернет-коммуникацияның ерекшелігі [Мәтін] // Торайгыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 1. – 44–52 бб.

8 **Капанова, Д. Е.** Тікток – шет тілін үйренудің тиімді құралы [Мәтін] // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 1. – Бб. 186–195.

9 **Ерғалиев, Қ. С.** Блог – интернет-коммуникация жанрларының бірі [Мәтін] // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 2. – Бб. 88–99.

10 **Курманбекова, З. Р., Сарекенова, Қ. Қ., Маликов, Қ. Т.** Интернет-мем және олардың түрлері [Мәтін] // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 1(142). – Бб. 42–51.

11 **Горошко, Е. И.** Современная Интернет коммуникация : структура и основные параметры – Интернет-коммуникация как новая речевая формация [Текст]. – Москва : Наука. – 2012. – 328 с.

12 **Алифенко, Н. Ф.** Парадигмы современной науки о языке [Текст] // Современные проблемы науки о языке. – 2005. – № 3. – С. 17–33.

13 **Войсцунский, А. Е.** Гуманитарные исследования в Интернете [Текст]. – Москва : Терра-Можайск. – 2000. – 310 с.

14 **Александрова, О. В.** Соотношение устной и письменной речи и язык СМИ [Текст]. – Москва : Альма Матер. – 2008. – 348 с.

15 **Щипицина, Л. Ю.** Компьютерно-опосредованная коммуникация: Лингвистический аспект анализа [Текст]. – Москва : Красанд. – 2010. – 296 с.

16 **Галичкина, Е. Н.** Специфика компьютерного дискурса на английском и русском языках (на материале жанра компьютерных конференций): автореф. дис. канд. филол. наук. [Текст]. – Волгоград – 2001.

17 **Лутовинова, О. В.** Лингвокультурологические характеристики виртуального дискурса [Текст]. – Волгоград : Перемена. – 2009.

18 **Sharma, V., Mittal, N., Vidyarthi, A., Gupta, D.** Exploring Web-Based Translation Resources Applied to Hindi-English Cross-Lingual Information Retrieval [Text] // [ACM Transactions on Asian and Low-Resource Language Information Processing](#). – 2024. – V 23. – Pp. 1–19.

## References

1 Slovar` molodyozhnogo i internet-slenga [Dictionary of youth and Internet slang] [Text] / compl. N. V. Belov. – Minsk : Xarvest, 2007. – 498 p.

2 **Skorodumova, O. B.** Sociokul`turny`e funkicii Interneta i osobennosti ix realizacii v sovremennoj Rossii : dis. doktora sociol. nauk: 24.00.01. [Socio-cultural functions of the Internet and features of their implementation in modern Russia : dissertation of the Doctor of Social Sciences : 24.00.01.] [Text]. – Moscow, 2004. – 435 p.

3 **Bal'zhirova, T. Zh.** Internet kak sredstvo social'noi kommunikacii v usloviyax formiruyushhegosya v Rossii informacionnogo obshchestva: dis. kand. sociol. nauk: 22.00.04. [The Internet as a means of social communication in the context of the information society emerging in Russia: dissertation of the cand. Social Sciences : 22.00.04.] [Text]. – Ulan-Ude', 2003. – 161 p.

4 **Gurinoва, D.** Pochemu len`dvigatel` progressa? [Why is laziness the engine of progress?] [Electronic resource]. – The electron. text data. – Moscow : [B.I.], 2023. – Access mode: URL : <https://folkmap.ru/articles/chto-dvigatel-progressavyrazhenie.html>, svobodny`j.

5 **Serikbaeva, A.** Aleumettik zhelidegi agy`lshy`n tilinen engen zhana sozder [New words from English on social media] [Text] // Science and life of Kazakhstan international scientific journal. Philology series. – 2019. – Vol. 4(81). – PP. 293–296.

6 **Sarseke, G. A.** Komp`yuterge negizdelgen kommunikaciyan`n linvistikaly`k minezdemesi [Linvistic characteristics of computer-based communication] [Text] // Bulletin of KSU named after Sh. Ualikhanov. Philology series. – 2019. – Vol. 4. – PP. 100–106.

7 **Akhtaeva, N. X., Nanai, F. E., Sary`baeva, B. Zh.** Internet-kommunikaciyan`n ereksheligi [Specificity of internet communication] [Text] // Bulletin of Toraigyrov University. Philology series. – 2023. – Vol. 1. – PP. 44–52.

8 **Kapanova, D. E.** Tiktok – shet tilin uirenudin tiimdi kuraly` [TikTok is an effective tool for learning a foreign language] [Text] // Bulletin of Toraigyrov University. Philology series. – 2023. – Vol. 1. – PP. 186–195.

9 **Ergaliev, K. S.** Blog – internet-kommunikaciya zhanrlary`ny`n biri [Blog is one of the genres of internet communication] [Text] // Bulletin of Toraigyrov University. Philology series. – 2023. – Vol.2. – PP. 88–99.

10 **Kurmanbekova, Z. R., Sarekenova, K. K., Malikov, K. T.** Internet-mem zhane olardy`n tyurleri [Internet memes and their types] [Text] // Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology series. – 2023. – Vol. 1(142). – PP. 42–51.

11 **Goroshko, E. I.** Sovremennaya Internetkommunikaciya: struktura i osnovny`e parametry` – Internet kommunikaciya kak novaya rechevaya formaciya [Modern Internet Communication: structure and main parameters – Internet communication as a new speech formation] [Text]. – Moscow : Science, 2012. – 328 p.

12 **Alifenko, N. F.** Paradigmy` sovremennoj nauki o yazy`ke [Paradigms of modern language science] [Text] // Modern problems of language science. – 2005. – Vol. 3. – PP. 17–33.

13 **Voiskunskii, A. E.** Gumanitarny`e issledovaniya v Internetе [Humanitarian research on the Internet] [Text]. – Moscow : Terra-Mozhaisk, 2000. – 310 p.

14 **Aleksandrova, O. V.** Sootnoshenie ustnoi i pis'mennoj rechi i yazyk SMI [The ratio of oral and written speech and the language of the media] [Text]. – Moscow : Alma Mater, 2008. – 348 p.

15 **Shhipicina, L. Yu.** Komp'yuterno-oposredovannaya kommunikaciya: Lingvisticheskiy aspekt analiza [Computer-mediated communication : The linguistic aspect of analysis] [Text]. – Moscow : Krasand, 2010. – 296 p.

16 **Galichkina, E. N.** Specifika komp'yuternogo diskursa na angliiskom i russkom yazykah (na materiale zhanra komp'yuterny'h konferencii) : avtoref. dis. kand. filol. nauk. [The specifics of computer discourse in English and Russian (based on the material of the genre of computer conferences): Abstract of the dissertation of the Candidate of Philology] [Text]. – Volgograd, 2001.

17 **Lutovinova, O. V.** Lingvokul'turologicheskie karakteristiki virtual'nogo diskursa [Linguistic and cultural characteristics of virtual discourse] [Text]. – Volgograd : Peremena, 2009.

18 **Sharma, V., Mittal, N., Vidyarthi, A., Gupta, D.** Exploring Web-Based Translation Resources Applied to Hindi-English Cross-Lingual Information Retrieval [Text] // [ACM Transactions on Asian and Low-Resource Language Information Processing](#). – 2024. – Vol. 23. – PP. 1–19.

31.03.24 ж. баспаға түсті.

12.06.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\**А. А. Касымова*

Университет имени Шакарима города Семей,  
Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 31.03.24.

Поступило с исправлениями 12.06.24.

Принято в печать 26.08.24.

## ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ИНТЕРНЕТ-ЛЕКСИКИ И ЕЕ ОТРАЖЕНИЕ В ЯЗЫКОВОЙ НАУКЕ

*В научной статье стремление к изучению интернет-лексики осуществлялось через комплексное исследование в рамках широкого круга проблем, тесно связанных с развитием культуры, с учетом социальной природы языка, социальных функций, влияния социальных факторов на язык и роли языка в жизни общества, на основе достижений социолингвистики и лингвокультуры. Интернет-лексика является актуальной проблемой, учитывая общий подход современной*

*лингвистики к антропоцентризму, что она не только определяет уникальность лингвистических особенностей лексики, но и отвечает необходимости объяснения социальных и прагматических факторов использования данной интернет-группы слов, составляющих лексику, в процессе общения. Изучение лексики интернет-коммуникации осуществлялось с учетом концептуальных характеристик этих единиц с точки зрения когнитивно-функциональной направленности лингвистических исследований. Кроме того, в рамках гуманитарного подхода были взяты за основу первые выводы и мнения в науке об интернет-сфере, научные изыскания, а также важность изучения интернета в целом, в том числе изучения языка интернета. Определена роль интернет-коммуникации в формировании интернет-лексики. Описан ход заимствования интернет-лексики в предмет изучения о лингвистике. В целом определяется место интернет-лексики в языковой науке.*

*Ключевые слова: интернет-лексика, язык социальных сетей, интернет-коммуникация, интернет-термины, научная формулировка.*

*\*А. А. Kassymova*

Shakarim University of Semey,  
Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 31.03.24.

Received in revised form 12.06.24.

Accepted for publication 26.08.24.

## **PROBLEMS OF STUDYING INTERNET VOCABULARY AND ITS REFLECTION IN LANGUAGE SCIENCE**

*In the scientific article, the desire to study Internet vocabulary was carried out through a comprehensive study within a wide range of problems closely related to the development of culture, taking into account the social nature of language, social functions, the influence of social factors on language and the role of language in society, based on the achievements of sociolinguistics and linguoculture. Internet vocabulary is an urgent problem, given the general approach of modern linguistics to anthropocentrism, that it not only determines the uniqueness of linguistic features of vocabulary, but also meets the need to explain the social and pragmatic factors of using this Internet group of words that make up vocabulary in the process of communication. The study of the vocabulary of Internet communication was carried out taking into account the conceptual characteristics of these*

*units from the point of view of the cognitive and functional orientation of linguistic research. In addition, within the framework of the humanitarian approach, the first conclusions and opinions in the science of the Internet sphere, scientific research, as well as the importance of studying the Internet in general, including learning the language of the Internet, were taken as a basis. The role of Internet communication in the formation of Internet vocabulary is determined. The course of borrowing Internet vocabulary into the subject of studying the doctrine of linguistics is described. In general, the place of Internet vocabulary in language science is determined.*

*Keywords: Internet vocabulary, language of social networks, Internet communication, Internet terms, scientific formulation.*

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)